

Жұмыссыздарға төленетін жәрдемақы мен стипендияға қосымша төлем туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 қыркүйек N 1253. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

1. Жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауды күшейту мақсатында және Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің займын беру шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Заңына белгіленген тәртіппен өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жұмыссыздарға төленетін жәрдемақы мен стипендияға қосымша төлем мынадай деңгейде белгіленсін:

а) кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қайта құрылуына немесе қызметкерлер санының (штаттың) қысқаруына байланысты жұмыстан босаған адамдарға - заңмен белгіленген есептік көрсеткіштің алты есе мөлшерінде; < * >

б) жұмыссыздардың басқа санаттарына - есептік көрсеткіштің үш есе мөлшерінде. < * >

Бұл қосымша төлемдер жәрдемақы (стипендия) мөлшері "а" және "б" тармақшаларында көрсетілгендегімен бірдей немесе одан асатын жұмыссыздарға төленбейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.

2. Жұмыссыздарға төленетін жәрдемақы мен стипендияға қосымша төлем Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының қаржысы есебінен жасалын.

3. Бұл қаулы 1995 жылдың 1 қыркүйегінен күшіне енеді.

Премьер-министр